

Үйде оқитын және тәрбиеленетін мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Науырзым ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 3 сәуірдегі № 103 қаулысы. Қостанай облысы Науырзым ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 28 сәуірде № 9-16-142 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Науырзым ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 12 тамыздағы № 172 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Науырзым ауданы әкімдігінің 12.08.2013 № 172 қаулысымен (қол қойған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін -өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 394 қаулысымен бекітілген "Үйде оқитын және тәрбиеленетін мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету үшін құжаттарды ресімдеу" мемлекеттік қызмет стандартына сәйкес Науырзым ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Үйде оқитын және тәрбиеленетін мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету үшін әр балаға тоқсан сайын сегіз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде әлеуметтік көмек көрсетілсін.
2. "Науырзым ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі әлеуметтік көмекті тағайындау және төлеу бойынша уәкілетті орган болып анықталсын.
3. Әлеуметтік көмек тиісті оқу жылы бойына төленеді деп белгіленсін.
4. Әлеуметтік көмекті төлеу екінші деңгейдегі банктер немесе банктік операциялардың тиісті түрлеріне лицензиялары бар ұйымдар арқылы әлеуметтік көмек тұтынушының банктік шотына ақшалай қаражаттарды аудару жолымен жүзеге а с ы р ы л а д ы .
5. Осы қаулының орындалуын бақылау Науырзым ауданы әкімінің орынбасары С.Ә. Закаринге жүктелсін.
6. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2012 жылғы 1 қантардан бастап туындаған қатынастарға өз әрекетін таратады.

Аудан әкімі

А. Балғарин

КЕЛІСІЛДІ:

"Науырзым ауданының жұмыспен қамту
және әлеуметтік бағдарламалар

б о л i м i "

M M

б а с т ы f y

Ө. Сансызбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШІЖКРМК